



Ақын Алтай Смет



КӨКТЕМ

Жыл басы - наурыз деген ай туады.
Жылытып жер - әлемді Күн шуағы.
Қар еріп, таза ауа, жұпар леппен,
Қыратқа көктеп өсіп гүл шығады.

Бір малың екеу болып төл туады.
Қиулап құстар келіп көз тұнады.
Алты ай қыс еріккендей, зеріккендей,
Балалар асық ойнап, доп қуады.

Жүрекке жылы жанбыр нәрін сепкен,
Махаббат сезіміндей әрлі көктем.
Ел аралап қыдырып, жаз, күз, қыста-
Жолуашы ол тоғыз айда келіп

Жиналып ойпан жерге қардын суы,
Көк шуда көтеріліп жердің буы.
Шағала, үйрек, тырна ұшып - қонып,
Оралды күзде кеткен қаз - аккуы.

Қос акку-табыстырған шалқар көлім,
Қос ғашық -төнгендей ме,

Аялы алақандар су шашады,
Махаббат, құштарлықтын баспақ

Аккудай айырылған айдынынан,
Айныдым алпыс жаста айбынымнан.
Қайтпайтын қайсар, қайыс кара

Мандайға әжім түсті қайғы-мұңнан.
Бұл күні қабақ кату, жүзім сынық,

Ауданымызға белгілі қаламгер,
ақын, тұғырынан таймаған қарт
қыран, газетіміздің жанашыры
Алтай Смет сексеннің сегіріне аяқ
артып отыр.

Қазақы қара өлеңінде шынай-
ылылық пен адами сезімдер толқ-
ыны сезілетін қаламгердің қала-
мынан туған поэзиясын жұртшы-
лық сүйсіне оқиды.

Бүгін біз газет оқырмандары-
на қарт ақын Алтай Сметтің ту-
ған жер, табиғат, құдіретті күй та-
қырыбында жазылған бірнеше
өлеңдерін ұсынып отырмыз.

Алтекенді 80 жасқа толған ме-
рейлі мерекесімен құттықтай оты-
рып, шығармашылық табыс, ша-
ңырағына шаттық, Тәңірдің
шексіз қолдауын тілейміз!

Редакция.

Деуші едік болашақтан көрсе қызық.
Ойлайсың заманақыр таяу ма деп,
Пендеде пәтуа жок, қаны бұзық.

Мен көрдім аяр сұмның алдағанын,
Аңқаудың қапы қалып зарлағанын.
Шыдамай ет жүрегің езіледі,
Кеуденде ар-намысың, барда жаның.
Адамның көбейіп тұр зымияны,
Мәз олар, мұрттан күліп жымияды.
Бар-жокты бауырына басып алып,
Мекиен мекен еткен жылы ұяны.

Қарт болдық қуғақаһар, шамасы
Зұлматтан елді қорғар панасы жоқ.
Бай-кедей, ғалым - залым

Бәрі де бір адамзат баласы боп.

Мың өлген қазақ едік, мың тірілген,
Жұртың - тұл қаның тамған

Бір күні дала - жесір, ауыл ауған,
Тыш-типыл түтін шықпас түндігіңнен.

Осы жай, міне, мені мұңайтады,
Біз айтпай осы халді кім айтады?
Жаман сөз жас жүректі қартайтады,
Жаксы сөз шаршағанды
Өзгесі ит тірліктің құр айтағы!..

ЖЫЛҚЫ БАҚ, ХАЛҚЫМ ЖЫЛҚЫ БАҚ

Жылқы деген жануар,
Мінсең - көлік, саусан - сүт.
Қазақтың жылқы малы бар,
Алты ай қыста арымай.
Алты ай жазда сауылар,
Сөзімнің, тыңда, жаны бар.
Пайғамбар мінген мигражға,
Пырақтың жылқыда қаны бар.
Қазы-қарта, жалы бар,
Қорадан орын сұрамай
Өз аяғымен жайылар.
Қымыз шипа ауруға,
Саумалы дәру - сары бал.
Басқа ұлттың ішкен арағы,
Қазақтың қымыз тамағы.
Көктемде туған құлыны,
Күзде сойсаң - жабағы.
Жыл оздырсаң тай болар,
Қазысы қарыс май болар.
Тағы да бір айтарым,
Айғырдан шығар байталы,
Ұрғашы болса дөнежін.
Құлақтап сауған қымызға,
Тоя ішсең толар өзегің.
Қымызға тойған адамға,
Қажеті қанша көженің.
Ат тұяғы асқан Волгадан,
Бабалар жерін қорғаған.
Венгрияда Қоңыр Үштуған.
Мен қазақың, бауырмын,
Деп сәлемін жолдаған.
Қазақтың келіп қызын ап,
Зерттеуін жазған томдаған.
Шығыста қытай жатпенен,
Дипломатиялық қатынас,
Жүргізілген атпенен.
Сакталған құжат архивте,
Абылай жіберген хатпенен.
Жырлаған ұлтын қазағын,
Ақынның мол ғой азабы.
Тыңдамаса ұқпаса,
Өмірдің сол ғой тозағы.
Сондықтан, халқым, жылқы, бақ,
Жылқыда бар ғой ырыс-бақ.
Сапырып ішкен сары қымыз,
Халықта болар ынтымақ.
Ынтымақ ел арзымас,
Жылқы бақ, халқым, жылқы бақ.



Бүгін сергек ұйқыдан қазақ оянды,
Төбесі көкке аз-ақ жетпей таянды.
Әрбір атқан таңымызға тәубе деп,
Армандаған тәуелсіздік болсын

баяңды!



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТӘУБЕ

Үш ғасырдай бодан болдық мәңгіріп,
Ашық аспан атты таным, күн күліп.
Әнұранды елім шырқап ән қылып,
Туын ұстап тәуелсіздік мәңгілік.

Жаңа ғасыр - Тәуелсіздік бастауы,
Қазақстан мемлекеттер жастауы.
Барлық елмен дипломаттық қатынас,
Бейбіт елдің бүгінде жок қас жауы.

Жауқазындай жаңбырдан соң
түрленген,

Қызғалдақтай қазақ елі гүлденген.
Мен елімді емен ағаш дер едім,
Қыста қатпай бүршік жарып

бүрленген.

Қатынасып алыспен де жақынмен,
Дамып келеді қарыштаған

қарқынмен.

Дінімен де, тілімен де табысып,
Қайтып келген ата дәстүр-салтымен.

КҮЙ - ҚАЗАҚ

Дегендей күй-күдіреттің күбіріндей,
Қазактың түп-тамыры түбіріндей.
Күйші бар қандай елде бізден басқа,
Құрманғазы, Тәттімбет, Ыкылас,
Сүгіріндей.

Қазақ қой кісенді де күймен ашқан,
Күймен ұлы тойға шашу шашқан.
Қыранды, жыланды да күймен арбап,
Қасірет- қайғысын да, ашу басқан.

Күй тартып, аққу қазды
қаңкылдатқан,
Күй тартып, алмас семсер
жаркылдатқан.
Күй тартып, арын-барын қанағат қып,
Күй тартып, болар істің артын
баққан.

Күй тартып, өрнектеген ел өмірін,
Күй тартып, серпілтеді қам көңілін.

Күй тартып, ұрандатып жерін
қорғап,
Күй тартып, естірткен ғой хан өлімін.

Күй күдірет - тыңдаған құлақ үшін,
Күй тартып, құттықтаған қуанышын.
Енселі егеменді елді жырлап,
Күй тартып, мадақтаған ұлан ісін.



ТУҒАН ЖЕР

Туған жер маған ыстық -
Айғыржалым,
Кесілген кіндігімен тамған қаны.
Есімде балалық шақ балдәуренім,
Қарсы алған, үкілі үміт әрбір танын.

Жағасы Сарысудың Қазыбайы,
Кең жазық жайқалады егінжайы.
Малға жайлы Орта тоған Мизам
қазған,
Түгінен түртіп қалсаң шығар майы.

Тауы бар - Тағылы мен Бұғылыдай,
Нұра, Сарысу - сұлудың
бұрымындай.

Сарысуға косылған Апар суы,
Сылдыры - ғашықтардың
сыбдырындай.

Елігі еркін жортып ен даланы,
Ормандай ойнаған кермаралы.
Қыратында малшылар мал қайырып,
Қой бағып, қойнауында сай - салалы.

Шыбынды - Шәкей, Дадақ, Апар,
Күлік,
Қыста қорық, қысылмас төрт түлік.
Аң - құстың неше түрі мекендейді,
Тағылы - деп атаған соны біліп.

ҚАЗАҚҚА ТӨРТ ТҮЛКТЕ ЖЫАҚЫ ЖАҚЫН

Қазаққа төрт түлікте жылқы
жақын,
Ішсе қымыз, жесе ет, мінген
атың.
Батырлар ат үстінде ел
қорғаған,
Жылқыны жырға қосқан талай
ақын.

Саудырап самал желмен
құйрық-жалы,
Қазаққа Алла берген бұйрық
малы.
Пайғамбар миғражға пырақ
мінген,
Түспесін құйрығының жалғыз
талы.

Қазағым ат жарыстан
жалықпаған,
Жүйрік ат-қыран құс қой
қалықтаған.

Жаһанның жылқы мінген қазақ
озды,
Ат мініп, жерді қорғап алып
қалған.

Тұяғы шаң шығарып қара
жерден,
Тынысы тарылмады салсаң өрге.
Кекілге үкі тағып, жабу
жауып,
Құйрығын бәйге атының тарап
өрген.

Ат мініп, бүркіт салған ұлан
далам,
Ат мініп, қыза шауып
ұрандаған.
Тазы ертіп, тұғырда құс,
қанжығада аң,
Ақбоз ат желе-жортып
бұлаңдаған.